



*Тіл сабақтарында шешендікті
меңгерту жолдары*



Шешендік сөздер:

қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы. Белгілі бір уақиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылық қабылдап, елге тараған белгілі ой, тұжырымдар.





Халық шешендігін бағалағандар.
ғалым В.В.Радлов.

Қазақтың шешендік тапқырлық,
нақыл сөздерін алғашқы жинап,
жариялаушы ғалымдардың бірі
Ыбырай Алтынсарин.



«Хрестоматиясына»

«Жәнібек батыр»

Байұлы

**Оқуға
ұсынғандар
ы**

Жиренше шешен

Ізбасты

Шешендікті алғашқы зерттеушілердің бірі-М.Әуезов

**30 жылдардағы шешендік сөздерді жинау,
зерттеуге үлес қосқан С.Сейфуллин**

**Дәстүрлі шешендік сөздер:
белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой,
көркем тілмен айтылған, халық қабылдап,
жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан
жүйелі, үлгілі сөздер.**

Шешендік:

Арнау сөздер

- Шешендік сөз
- Шешендік сын

Толғау сөздер

- * Шешендік өсиет
- * Шешендік нақыл
- * Шешендік толғау

Шешендік дау

- * Жер дауы
- * Жесір дауы

Мақсаты:

а) Білімділік: Шешендіктің ұлы өнер екендігін паш ету, адам бойындағы талант, терең білім, қалыптасқан дағдының болуы - шешен болуға итермелейтінін түсіндіру; қазақтың хан, билерінің, шешендерінің сөздерін есте тоқуға үйрету, оқушыларға шешеннің бойындағы тағылымды қасиеттерді түсіндіру, оқушылардың шешенге артылар жауапкершілік пен қойылатын талаптың мол екенін түсінуі;



ә) Тәрбиелік: Шешен. Шешенге қойылатын талаптарды өмірде дұрыс жүйелі қолдану, оқушыларды тапқыр болуға итермелейтін олардың бойындағы дарындылығын аша түсу, жиын, топтарда дәл, нақты, шебер сөйлеуге сабақ барысында шығармашылық қабілет көрсетуге шақыру, бүгінгі сабақта игергендерін өмірде қолдану, шығармашыл тұлға қалыптастыру;

Мақсаты:

б) Дамытушылық: Орақ тілді, от ауызды шешендердің өнерін дәріптеу, шешендер туралы деректерді көбірек білуге шақыру, жинақтарымен таныстыру.




Міндеті:

- * Оқушыларды тірек сөздер арқылы мәтін құрастыруға үйрету;
 - * Сөздер жиынтығына логикалық ой шабуылын қалыптастыру;
 - * Өз ойын еркін айтуға, қысылмауға, қалыптастыруға шақыру;
 - * Арнайы сөздіктермен танысу, өз бетінше ізденуге бағыттау;
- 
- 



Күтілетін нәтижелер:

- Өз бетінше ізденісі, зерттеу, шығармашылық тұрғыдағы қабілеттерді меңгереді;
 - Сөйлеу шеберлігі, ойлау нақтылығы, білгенін жадында сақтай біліп, өмірге көзқарасы қалыптасады;
 - Көркем әдебиеттерді оқып талдай білуге дағдыланып, белгілі тақырыптарға орай материалдарды өзі таңдап алады;
 - Өз Отанының елін сүйген азаматы болу, азаматтық белсенділікті көрсету, саяси жүйені түсіну, саяси өмірдегі көзқарасқа өз бағасын бере алады;
 - Шешендікті меңгеру қабілеттілігіне сай өз түсінігі қалыптасады;
 - Мемлекеттік тіл - ана тілінде, ұлтаралық қарым - қатынас және шетел тілдерінде өзгелермен қарым - қатынас жасауға мүдделі болады;
- 

ИДЕЯСЫ:

Оқу құрылымында
шешендік мазмұнын
жүйелі басқару

ҚАҒИДАСЫ:

- қазіргі мектеп
- қазіргі оқу талабына сай
ізгілікті көзқарас

**ҒЫЛЫМИ
НЕГІЗДЕМЕСІ**

ФУНКЦИЯСЫ:

- адамның адамшылығын жетілдіру;
- Шешендік сөздің табиғатын игеруі;
- “Мен” тұжырымдамасының және қоғамдық мәдениетінің
өзінің бейнесін тануы, қалыптастыруы;

негізінде

Фактор

а) Ой ә) Әрекет б) Сезім

Ғылыми - теориялық ықпалдылығы:

Шешендіктің сырын іске асыру тұлғалық танымдық белсенділікті дамыту тұрғысына негізделеді.

Практикалық маңыздылығы:

Педагог әлеуметтік пікірлер мен шиеленістер жағдайында тұлғаның көзқарасына мән беруге, ал оқушылар шешен,би,батырлардың өсиеттеріне шынайы талдау жасауға, салыстыру мен сараптауға мүмкіндік алады.

–Ақпарат көздеріне тарату (әдістеме,тәжірибе)

-Шығармашылықпен,ғылыми ізденісті айқындау,мұғалімдердің жұмысын бағалау, көтермелеу, марапаттау;

-Үлгілі ата-ана,үздік оқушы,үздік тәрбиешілерді мектеп бұрышына жарнамалау;

-Тәрбие үрдісінде «Біріккен күш» қағидасын ұстану;

-Теңдік әділеттілігін құру -бәріне бірдей сыйластықпен қарау;

Дүниеде теңіз терең емес,адамның жаны терең деп

Мағжан Жұмабаев айтқандай халық тәжірибесі сияқты,тәрбие жүйесі бізге ғана емес,келер ұрпақтарымыз үшін де қымбат қасиет. Осы заманғы қоғам қазіргі адамдардан үздіксіз өсіп отырған ақпараттар ағымында жылдам бағдарлау мүмкіндігін талап етеді.

Сондықтан қалыптасқан жағдайда оқушының ақыл ой мәдениетінің даму қажеттілігі туып отыр.Балаларымыздың болашағы олардың өмір дағдыларының қаншалықты қалыптасқанына байланысты.

Біз ұсынған тәрбие жүйесі шәкірттердің сағат сайынғы дамуына жағдай жасайтын жүйелі қарым қатынастар мен әрекеттердің жиынтығы, ал мектеп ұжымы адамдарда мәдени құндылықтарды меңгертеді,әрі өмірлік позициясында сақталып қалады. Тұлғалық -танымдық белсенділікті дамыту

моделі басқа адамдар арасында өз орны мен қасиетін,өз мүмкіндігіне тұлғаның баға бере білуін қалыптастырады.

ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

Оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, танымдық белсенділіктерін, тұлғалық қасиеттерін анықтай отырып, оқыта отырып шешендіктің қыр-сырына зерттеу – ізденіс, өз бетінше жұмыс, бақылау- тәжірибе жүргізу;

I деңгей: Ұйымдастыру (Кіріспе 2011 – 2012 жыл)

Шешендікке үйрету жобасын байқау (1 жыл)

II деңгей: Негізгі (Сұқбат кезеңі 2012 - 2014 жыл)

Тіл сабақтарында , мектепке дейінгі мекемелерде, оқу орындарында сынақтан өткізу, зерттеулер жүргізу, тұжырымға келу, талдау (2 жыл)

III деңгей: Қорытынды (Жалпылау: өзін - өзі басқару кезеңі (2014 – 2015 ж)

Еркін, тұлғалық танымдық белсенділігіне сай, шарықтау мүмкіндігін ашу, тұлғалық - танымдық тұрғыдан шешендік белсенділігін жетілдіру (1 жыл).

РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1) Жобаның материалдық базасын қамтамасыз ету

- Материалдық техникалық база жасау (№ 81 орта мектеп, тәрбие орталықтары, ата - аналар университеті, сынып сабақтары)

2) Жобаны ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету

Шешендіктің жаңа құрылымын жасау, тіл сабақтарына ендіру;

3) Жобаны нормативтік - құқықтық қамтамасыз ету;

Оқыта отырып шешендікке тәрбиелеу жүйесінің мазмұны мен құрылымын жаңартып, сабақта жұмысты нормалау негіздерін жасау, шешендік сөздің табиғатын стандарттау;

4) Жобаны ғылымилық - әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету;

Танымның фундаментальды теориясы, шешендік сөздің жүйесінің ғылыми әдіснамалық тіл сабақтарында жаңа технологияларды ендіру.

ЖОБАНЫҢ ҚУАТТЫЛЫҒЫ

- 1. Педагогикалық ұжымдағы кәсіби бәсекелестіктің жетілуі;**
- 2. Тіл сабақтарында тұлғалық - танымдық белсенділікті жан - жақты дамытатын шығармашыл, ізденімпаз мұғалім, ата-ана, бала санының жылма – жыл өсуі;**
- 3. Өзін - өзі басқара алатын, танымдық ой - өрісі дамыған оқушылардың түрлі жоба, байқау, пән олимпиадасына, түрлі шешендік шығармашылық байқауларға қатысып, олардың «Шарықтау еркіндігіне» негіз бола алуы**

Шешендікке тәрбиелеуге арналған бағдарламаның қалыптары

1. **Ұйымдастыру кезеңі** (негізгі қағидаларды білу, жүзеге асыру)
2. **Үйлестірушілік** (өзінің ұжымдарына, сыныптарына байланысты)
3. **Әлеуметтік қатынасты реттеу** (өзіне, өзгелерге сын тұрғысынан қарау, өмірге араласу)
4. **Шығармашылық деңгей** (танымдық ой - өрісінің белсенділігі, ақпаратты пайдалануы, жетістіктерді үйренуі)

Қ
Ұ
Р
Ы
Л
Ғ
Ы
Л
А
Р
Ы

1.Өзектілік

2.Болжау

3.Шынайылық

4.Бақылаушылық

5.Дәлдік

6.Сезімталдық

7.Тұтастық

Оқушы шешендігі:

-сөйлеген сөзінен

-жүріс-тұрысынан

-киім-киісінен

-адамдармен қарым-қатынасынан

-ой-өрісінен



Кімдерден үйренеді?

- Ата-анасынан
- бауырларынан
- дос балаларынан
- көрші-көлемнен
- ата-әжесінен





Шешендікті меңгеру үшін:

- оқу керек
- өзара телефонмен сөйлесу
- ата-анасының мақсатты диалогтарын ұйымдастыру
- топ алдында жиі-жиі сөйлету



Әсерлі сөйлету үшін:

- * Айтарыңды ойластыру;
 - * Оларды жүйелі орналастыру;
 - * Сөзбен кескіндеу;
 - * Оларды есте сақтау;
 - * Жұрт алдында сөйлеу
- 
- 

Кесте №1

Жұрт алдында сөйлеу

Есте сақтау

Сөзбен кескіндеу

Оларды орналастыру

Айтарыңды ойластыру



Ұйқас сөздер

ұсындым:

Мысалы: оны, толы, жолы, соны, долы

Оқушылар шығармашылығы

Жаз да толы қызыққа,

Білмейсің бе оны.

Шомыламыз қызып та.

Демалыстың жолы.

Әлімжанов Ернар

Жаз қызыққа толы,

Қызықтайық соны.

Шомылайық жарысып,

Толқындармен долы.

Мамут Зафура

А) Жеке жұмыс

Достар, ән сал, жастар

Достар-қанатты достар,
Құйқылжытып ән салар.
Таң азанмен ән салса,
Бар дүние құлпырар.

Жеткергенов.М.

Жастармыз ертеңгі,
Сүйіп өтер өлкемді.
Бағытымыз-болашақ,
Аттанайық кел енді.

Қарауымбетов Ш

Ойдан жұмбақ жасайық

1. Өзі сүттей ақ, кісіден қорқақ.

Ол не?

2. Жансыз болса да сөйлейді

Ол не?

3. Үйде болар тұрағы,

Көрінгеннің құлағы

Ол не?

Шартты белгілер:

Шартты белгілер:



— **Ізденушілік деңгей**



— **Шығармашылық деңгей**



Шығармашылық деңгей

Шешендік толғаудағы мағыналас және қарама-қарсы ұғымдарды айыр, үндес, үйлес сөздерді тап, өз бетіңше толғам жаса.

Үлкен керсен қалды да,
Ас құйылды тегешке.
Үлкен билер қалды да,
Құлдар кірді кеңеске.
Кеңескенде не десті?
Тырнадай мойны теңесті.
Теңескенде не десті?
Біріне-бірі серт қылды,
Үйге кедей келгенде,
Бір аяқ ас бермеске.

1. Антоним сөздер:

2. Мағыналас сөздер:

2.Бақытты адам қаласа,
Қар үстінде от жанар.
Бақытсыз адам қаласа,
Құрғақ үйден су тамар.
Жақсы туған баланың,
Атасы жаман болса да,
Төрде отырып сый табар.
Жаман туған баланың,
Атасы жақсы болса да,
Түйе үстінен ит қабар.

Антоним сөздер:

Қайталанған сөздер:

3.Жетес би бір жауабында:
*Адамның сәні-өнер,білім,ақылы,
Жердің сәні-жеміс,өнім,дақылы.
Сөздің сәні-өнегелі өткір нақылы,
Пікірдің сәні-ең пайдалы мақұлы.*

Жетес бимен келісесің бе? Неге?

Қанатты сөз қайсы? Қай сөз қайталанып отыр?

Сөйлеушінің қасиеттері:

- Тыңдаушылар білетін мәселені тәптіштеп айтудан сақтану;
- тыңдаушысын қадірлей білуі;
- айтатын сөзі анық, дәл болуы,
- үнемі назар аудара білуі;
- сөздің қысқа, тұжырымды, жүйелі болуы;

Сөйлеу мәдениетін көтеру үшін:

- өз бетімен оқуы;
- дүлдүл шешендерді жиі әрі мұқият тыңдау, еліктеу;
- өзіңді, өзіңнің күнделікті сөйлеу стиліңді бақылау;
- жұрт алдында шығып сөйлеу;
- көркем әдебиеттерді, сөздіктерді қарап, оқу;



ҰЖЫМДЫҚ ЖҮМЫС

Асан қайғының шешендік топқауларына арқау болған негізгі мәселелерді анықтау. Шешендік тәсілдер-параллелизм, қайталаулар, риторикалық сұрақтар екендігіне көз жеткізіңдер.

Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз,

Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас,

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады.

1. Параллелизм деген не?

2. Қайталаулар деген не?

3. Риторикалық сұрау деген не?

4. Асан қайғының жерге айтқан сындарын тауып, оқу.

5. Картаға түсіру.

6. Асанқайғының бағасын тұсына қысқаша жазу.



I топ

“Жиренше”



Шешендік сөз

II топ
“Бөлтірік шешен”



Шешендік нақыл

III топ

Жетес би



Шешендік дау



I топқа

Балдан тәтті не бар? (өз ойларынан)

Ертеде Еламан деген жігіттің сұрақтарына
Қамарсұлу былай деп жауап беріпті. Балдан тәтті
не бар? Балдан тәтті екі жастың махаббаты.





II топ.

Жақсы жігіт белгісі

Ерінің болар қаймағы.



Жақсы қарттың белгісі,

Елінің болар қаймағы.

III топ.

Жер дауы

Ертеде Қызылжардың Таспа жақ бетіне Шөмішкөл аулының Үсен атты бір адамы сиыр жаяды. Оны Қызылжардың адамдары даулайды. Ауылдағы көпті көрген Ізекеңе келіп жүгінеді. Сонда Ізекең: Таспа ұрпақсыз кеткен жан еді. Сол баланың аты аталып жатқан жерді дауға айналдырмаңдар. Таспаның оң жақ беті Шөмішкөлге, сол жақ беті Қызылжарға тиесілі емес пе?



Ауылдың айтқышбектері не дейді?

«Ұлы Отан соғысында Жапонияда болдық. Қоныстанған жеріміз ортасын пешпен бөлген, екі бөлмелі сарай. Бір жағында біз бір жағында жапондар. Таң атысымен соғысқа шығамыз. Окопқа барып бір – бірімізбен атысамыз. Түсте асқа келгенде бір – бірімізден темекі сұрап, әңгімемізді айтамыз», – деген екен.

* * *

Ауылымыздағы № 81 орта мектептің физика пәнінің мұғалімі Акимов Төлеген ағайдың әзілі.

Бірде Төлеген ағайдың туған күні болған деседі. Сонда оқушылары ағайды туған күнімен құттықтап:

- Ағай туған күніңіз ғой, бізді үйіңізге шақырмайсыз ба? – деп әзілдеген болуы керек. (Сол кездері туған күн иесіне кітап сыйлайды екен.) Сонда ағай:
- Бір кітап үшін үйімді шаң қылатыным жоқ, - деп әзілмен жауап қайтарған екен.

Ауылдың айтқышбектері

Пәшти свадьба

Ауылда бір қария қайтыс болып барлығы қайыр айтып бара жатса керек. Жасын берсін, бұл өзі тоймен тең ғой деп даурығысып жатады. Сонда шеткерілеу тұрған Айғос ағамыз «пәшти свадьба» деген екен.

* * *

Бұзық жоқ

76 жылғылардың 30 жасқа келіп дүрілдетіп тойлап жатқан уақыты кезекті туған күн иесі Қонақ есімді жігітке барлығы тілек айтып жатады. Кезек Пашон есімді құрдасына келеді. «Қонақжан бақытты бол, мың жаса» деп ақ тілегін айтады. Сонда Қонақ мыңынның керегі жоқ алжып өлерміз сексен – тоқсан болады дегенде, Пашон «бұзық жоқ, ала берсей» деген көрінеді.

* * *

Бірқазан

Етженділеу бір апамыз «қарлығаш» биін билеп сахнаға шығады. сонда Аралбек ағамыз: ой мынауың қарлығаш емес, «бірқазан ғо» деген екен.

** Сағынай десті **

Гүлжан жаңадан келін болып түсіп келе жатқан кезі. Паромнан өтіп желегін киген Гүлжан балдызына Сағынай атамыздың әндетіп айтқаны:

Құтты болсын желегің,

Жарасып тұр.

Тәтті шәйдан жездеңе,

Қарасып тұр.

Гүлжаным, үстінен түстің олжаның.

Бала тілі - бал

Бір күні Қызылжар ауылына әшейін концерт болатын болады. Содан көрші кішкене балалар қуанып, шулап жүреді. Солар сияқты қуанып келген Айсараға ата-анасы: Концерт қанша теңгеден екен-дейді. Сонда ойында ештеңе жоқ Айсара: концерт қарызға болады екен деп жауап береді.

Ата-анасымен серуендеуге шыққан Сабыржан балмұздақ жеймін деп еркелікке басады. Балмұздақ әкеліп берген ата-анасына тілі тәтті Сабыржан: Мен жылы морожний жеймін деп таң қалдырады.

Бір күні бастауыш сынып мұғалімі Жұбанышова Бағила апайдың сабағы болып жатады. Мұғалім оқушылардан: Аю қайда өмір сүреді, қайда жүреді?-деп сұрайды.

Сонда Диас есімді бала: - Аю апай аю біздің үй жақта жүреді депті.

Гүлмира:

-Баян тезірек үлкен боп өсіп кетсе екен!-

Дейді анасына.

-Неге?

-Оның барлық әдемі киімдері өзіне тар боп қалады да, мен киім ғой-дейді ойланбастан. Заринаның кофтасын шешіп жатып шашына ілініп қалғанын байқамай әкесі Оралбай тарта бастайды.

Шашы ауырып кеткен Зарина:

-Папа, жаймен шешіңіз шашымды жыртасыз,-дейді бар даусымен.

Ауылдағы ақ жаулықты әжелердің бірі Күлбайда апа қан қысымы көтеріліп, ауырып қалады. Содан ауруханаға жеткізеді. Жанындағы бес жасар немересі Балнұр ауруханаға жеткенде әжесін алып бара жатқан дәрігерлерді көріп: Ақыры аяғында масқара болып әжем бала туатын шығар деген екен. Бала тілі-бал деген осы.

әдіснамалық тұрғы:

**Басқару тұрғысынан бұл - тану
тәсілі;**

Ұстаным :

**1.Ғылыми әдіснамалық фундамент
жасау**

- практикалық әдістер

**- әрбір тақырыпты ғылыми
әдіснамалық тұрғыдан зерттеу;**

**2. Сынып оқушыларын ғылыми
әдістемелік критерийлерге**

сүйеніп

бағалау;

3.Шешендіктің ғылыми тұрғыда

**қызмет етуін ұйымдасыруда
оқушының пән мұғалімімен**

ынтымақтастығы;

4. Міндеттерін сынып оқушыларына

дұрыс,жүйелі түсіндіру;

Ғылыми басқару

методологиясының фазалары:

Сабақтағы жұмыс мазмұнының

анализі және негізгі мәселелерді

анықтау;

Бағыттардың түріне сүйеніп

I деңгей Ұйымдастыру 2011-2012ж

Қызметі:

- 1.Тіл сабақтарында жаңашыл әдіс-тәсілдерді,педагогикалық технологияларды тиынақты пайдалану үшін ұжым мүшелеріне теориялық, практикалық,ғылыми тұрғыдан шындалуына мүмкіндік жасау;**
- 2.Мектепте тіл сабақтарының жұмысын жандандыру;**
- 3.Қоғамдық орындармен жан-жақты байланыс орнату,озат тәжірибемен танысу;**
- 4.Ағымдағы өзгерістерді анықтау,баға беру;**
- 5.Шешендікті меңгерті үшін тиімді әдіс-тәсілдерді табу,пайдалану;**

Нәтиже:

- 1.Ағымдағы тіл мамандарының жұмыстарына рейтинг құрылып,бәсекеге қабілеттілігі артады,өз жұмысының нәтижесін көреді.**
- 2.Ақпараттық технологияларды пайдалану шеберлігі артады.**
- 3.Оқушылардың шешендік тұлғалық белсенділігі артады,өзін-өзі көрсету факторлары орын алады.**

:

II деңгей Негізгі (Сұқбат кезең) (2012-2014ж)

Қызметі:

- 1.Шешендікті меңгерту жұмысын жүргізудегі пән мұғалімдерінің,сынып жетекшілерінің бәсекелестігін арттыруға байланысты топ,секция құру;**
- 2.Арнайы зерттеулерге сүйене отырып, мақсатты орталық құру, топтастыру;**
- 3. Өзін-өзі басқару жүйесін мектептерде басқарта отырып, белсенді,шығармашыл тұлғаларды қалыптастыру,өз бетінше басқару құрылғыларының моделін жасау;**
- 4.Шешендік сөздің саласының құрылымын ғылыми негізге бағыттау;**

Нәтиже:

- 1.Ұжымда педагог,оқушы арасында бәсекелестік туындайды;**
- 2.Ізденіс,дара қабілеттерін анықтайды;**
- 3.Шешендіктің басты шарттарын меңгереді.**

III деңгей Қорытынды (Жалпылау: өзін-өзі басқару кезеңі) кезеңі (2014-2015ж)

Қызметі:

- 1.Мектепте, тіл сабақтарында шешендікті үйренудің жаңа моделін жасау, үлгілерін ұйым жетекшілерге жасатуға мүмкіндік беру;**
- 2.Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару,еркіндік кезеңінде ұйымдастырудың белгілі табысқа жету жолын айқындайтын нақты әрекеттерді табуға шақыру;**

Нәтиже:

- 1.Педагог,пән мұғалімдері арасында шешен,топ басқару жүйесі туралы ұғым қалыптасады.**
- 2.Сенім ұғымдарына ие болған жеке тұлғаларда ой өрімінің шарықтау деңгейі көкке көтеріледі**

III деңгей Шешендік саласын қорыту,талдау сатылары (2014-2015ж)

I.Сараптамалық кезең :

-Шешендікті меңгерту жұмысының мақсаты,үрдісі,оқушылардың кәсіби шеберлігі анықталады;

- Оқушылардың жетістіктері,шыққан белестері, оларға ықпал жасау;

II Практикалық кезең:

-Оқушылардың ерекше қабілеттерін тәрбиелеуге бағыттау;

- Жеке тұлғаның жан-жақты шешендікті игеруіне байланысты өзін-өзі айқындау қабілетін жетілдіру;

- Қоғамдық өмірге төселген, мәдениетті тіл маманының педагогикалық-психологиялық білімі жан-жақты болуы;

-Шешендіктің салаларына байланысты тренинг,сынақ сұрақтарын ұйымдастыру;

-Педагог-пән мұғалімінің ғылыммен айналысуына бағыт-бағдар беру;

- Тіл сабақтарында психологпен тығыз байланыста болу;

-Оқушылар арасында «Балауса» шығармаларының танымдық бағдарламасын құру,айқындау;

- Ақпараттарды жүйелі пайдалану,оқушылардың танымдық ой өрісінің қалыптасуына толық мүмкіндік жасау;

III кезең Түйіндеу

-Мектептегі тіл сабақтарында шешендік саладағы жұмыстарға ата-аналарды,оқушыларды,жұртшылықты тарту;

-Тіл сабағында үздік шыққан оқушылардың жұмыстарын насихаттау (семинар, конференция)

–Ақпарат көздеріне тарату (әдістеме, тәжірибе)

-Шығармашылықпен, ғылыми ізденісті айқындау, мұғалімдердің жұмысын бағалау, көтермелеу, марапаттау;

-Қабілетті оқушы, мектеп бұрышына жарнамалау;

-Оқу-тәрбие үрдісінде, тіл сабақтарында «Біріккен күш» қағидасын ұстану;

-Теңдік әділеттілігін құру -бәріне бірдей сыйластықпен қарау;

Шешеннің ұлы қасиеті –қажетті нәрсені айту ғана емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау деп Цицерон айтқандай халық тәжірибесі сияқты, шешендік тарихы бізге ғана емес, келер ұрпақтарымыз үшін де қымбат қасиет. Осы заманғы қоғам қазіргі адамдардан үздіксіз өсіп отырған ақпараттар ағымында жылдам бағдарлау мүмкіндігін талап етеді.

Сондықтан қалыптасқан жағдайда оқушының ақыл ой мәдениетінің даму қажеттілігі туып отыр. Балаларымыздың болашағы олардың өмір дағдыларының қаншалықты қалыптасқанына байланысты.

Біз ұсынған шешендікке тәрбиелеу жүйесі шәкірттердің сағат сайынғы дамуына жағдай жасайтын жүйелі қарым қатынастар мен әрекеттердің жиынтығы, ал мектеп ұжымы адамдарда мәдени құндылықтарды меңгертеді, әрі өмірлік позициясында сақталып қалады. Шешендік тұлғалық -танымдық белсенділікті дамыту

моделі басқа адамдар арасында өз орны мен қасиетін, сөздік қорын өз мүмкіндігіне тұлғаның баға бере білуін қалыптастырады.

Нәтиже:

Нәтиже:

- газет беттеріне шықты;*
- библиографиялық шолу;*
- карта жасай білуі;*
- шешендік қабілеті шыңдалу;*